

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 1 «Ә» класында 2021-2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

Оқу жылының басында тәрбие жұмысының жоспары жасалып, бекітіледі. Сыныпта -25 оқушы, оның ішінде -14 ер бала 11 қыз бала.

Алғашқы тәрбие сағаты 1-қыркүйек күні –Білім күніне орай , «Тәуелсіздік жетістіктері!»тақырыбында ұйымдастырылып өткізілді.

Оқу жылының басында , яғни қыркүйек айында сынып белсенділерін сайлау, сынып бұрышын жасақтау, сыныптың әлеументтік картасын дайындау, оқушылардың үйірмелерге тарту сияқты алғашқы ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында «Бағдаршам-біздің досымыз» тақырыбында оқушылардың өмір қауіпсіздігін ескерту, жолда жүру ережелерін түсіндіру мақсатында профилактикалық әңгіме жүргізілді.

Сонымен бірге, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Мен және менің отбасым» тақырыбында сынып сағаты өткізіледі.Ал денсаулықтың адам өмір сүруі қаншалықты маңызды екендігін ұғындыру мақсатында «Жеке бас гигиенасы –мықты денсаулық кепілі» тақырыбында денсаулық сағаты ұйымдастырылып өткізілді.

Еліміздің астанасы –Астана қаласы туралы мағлұматтар беру мақсатында «Астана менің мақтанышым» тақырыбында танымдық сабағы ұйымдастырылып өткізілді.

Қазан айында балалардың бойында үлкенге құрмет көрсету-халықтық дәстүр екендігін ұғындыру, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу мақсатында «Ата-әулеттің тірегі, әже ұрпақтың тірегі, әже ұрпақтың жүрегі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен бірге , ұстаздарға құрмет көрсету мақсатында «Ұстазым , менің ұстазым!» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырылды.

Қазақстанның көрнекті саяси және қоғам қайраткері Ә.Бөкейханов –155 толуына орай танымдық сабақ ұйымдастырылып өткізіледі.Бұл сабақ қоғам қайраткерінің бүкіл өмір жолы, шығармашылығы, қазақ халқына жасаған ерен еңбектеріні сөз болды.

Сонымен бірге , қазақтың ұлттық өнері насихаттау мақсатында «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» деген тақырыпта сурет галереясы ұйымдастырылды.

Қазан айында бастауыш сыныптар арасында « Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам» тақырыбында жолда жүру ережесіне сай ұйымдастырылды.

Қараша Желтоқсан айында жүргізілетін жұмыстар туралы хабарлама. «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында сабақ өткізіліп, мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру.Әр оқушыдан өскенде қандай мамандық иесі болатындығын туралы әңгіме жүргізілді. «Теңге ұлттық ақшамыз» тақырыбында балалар теңге туралы түсінік беру. Ұлттық ақшамыз туралы түсінік қалыптастыру.Әр елдің ақшаларымен таныстыру. Теңге, тиын суреттерін салғызып қызығушылығын арттыру.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Қазақстан туған елім» сынып сағатын өткіздім.Сынып сағатында Қазақстан туралы,өз Отанын сүюге,құрметтеуге тәрбиелеу айтылды.Қазақстан туған елім тақырыбында шығарма жазылды.Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша «Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы,өлең сөздің дүлдiлi,жырау,жыршы Ж.Жабаевтың туғанына -175 жыл тақырыбында оқушыларға жыршы өмірбаянымен таныстырылды.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік таңы»тәрбие сағаты өткізілді.Тәуелсіздік ұралы мақал-мәтелдер ,белгілі ақындардың өлеңдерін жатқа айтты.Желтоқсан айында «Қош бол,Әліппе!» ертеңгілі ұйымдастырылып өткізілді.Шара өз мәнінде өтті.Балалар 42 әріпті меңгерткен Әліппемен қоштасып,Ана тілі оқулығын алды.Көпмәдени тәрбие беру бағытында«Қош келдің,Жаңа жыл!» сынып сағаты мерекелік шара ретінде кең ауқымда өткізілді.балалар түрлі киім киініп,ән айтып ,би биледі.Аяз атадан сыйлықтар алды.Қаңтар айында бастауыш сыныптар арасында ұйымдастырылған апталық аясында түрлі шараларға класс оқушылары белсене қатысты.

Адамгершілік бағыты бойына» «Адамгершілік-асыл қасиет»тақырыбында сабақ өкізілді.Оқушыларға адам бойында болу керек жақсы қасиеттер туралы ,онын ішінде адамгершілік қасиетті құндылығы туралы түсінік беріліп,ашық әңгіме болды.Өияткерлік сайысы бойынша «Ұлттық ойындар»сайысы өткізілді.Қазақтың ұлттық ойындарымен таныстырылып,оқушыларға ұлттық ойындардан сайыс өткізіліп,озып шыққан оқушылар марапатталды. «Қай жерде ойнауға болады, қай жерде ойнауға болмайды?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.сабақтың мақсаты: жолда ойнауға болмайтындығы туралы түсіндірілді.

Ата-аналармен үшінші тоқсан қортындысы бойынша жиналыс өткізілді.Сонымен бірге ата-аналардың ұсынысымен балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында аудандық өрт сөндіру бөлімінің арнайы мамандарының қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Рухани-адамгершілік бағыты бойынша «Әдептілік-әдемілік»сынып сағаты өткізілді.Балаларға әдептілік туралы түсінік беріліп,тақырыпқа байланысы мақалдар жаттадық.Қоршаған орта тәрбиесі бойынша «Туған жер»тақырыбында сабақ өткіздім.Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру,туған жерін құрметтеуге,қадірлеуге тәрбиелеу.

Еңбек және экологиялық тәрбие бойынша «Жақсылықтан жақсылыққа» тренинг өткізілді.»Төрт түлігім ,ырысым»тақырыбында оқушылар төрт түлік туралымақал-мәтелдер,өлең шумақтарын жаттатып,сүйікті түліктің суретін салды.

Салауатты өмір салтытәрбиесі «Спорттық ойындар»,»Ас атасы-нан»,»Нан- қасиетті тағам»тақырыбында сабақ өткізіліп,нанның дастарханға үлкен еңбекпен келетіні туралы түсінік беру.Нанды жерге тастамауды,нанды жоғары санап,нан туралы тақпақтар,мақалдар,нақыл сөздерді оқушыларға жаттату.Қазақстанды патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие бағытында «Қазақстан туған елім»сынып сағаты өткізілді.

Зияткерлік мәдениет бағытымен «XXI ғасыр көшбасшысы» тақырыбында сабақ өткізіліп,4 оқушы сайысты.Математика,қазақ тілі,дүниетану пәндерінен сұрақтар қойылды.Оқушыларды жылдамдыққа,шапшандыққа , жылдам ойлауға дағдыландыру.

Көпмәдени тәрбие беру бағыты бойынша «Табиғат аясында» табиғат туралы өлең шумақтар,шығарма сурет салғызу салған суреттері туралы әңгімелеттік.

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша «Аналар –асыл жандар» тақырыбында

тәрбие сағатында ,оқушыларға отбасындағы ананың ролі туралы,ананың мейірімділігі туралы айтылып,мерекелік шара өткізілді.Шара барысында оқушылар аналарына арнаған тақпақтарын айтып,ән салып би биледі.

сәуір айында салауатты өмір салтын ұстану,насихаттау мақсатында «Тіршіліктің негізі салауатты болашақ» тақырыбында сынып сағаты өтті.Балалардың бойында достық сыйластық,ауызбіршілік қасиетін нығайту мақсатында «Қазақ елі ұлы достық мекені» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру бағытында және де әр уақытта табысқа адал еңбек арқылы жету керектігін ұғындыру мақсатында «Адал еңбек» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Сәуір айында әйгілі күйші,сазгер,Қазақтың Халық әртісі Д.Нұрпейісова туралы танымдық сабақ ұйымдастырылды.Сонымен бірге «Батыр ата Бауыржан » атты тәрбие сағаты өткізілді.Сабақтың мақсаты: балалардың санасына ерлікті,ұлтты қадірлеуді,Отанға деген сүйіспеншілікті дәріпкеу болды.Бірінші мамыр Бірлік мерекесіне орай балалар арасында ынтымақтастықты,біздің еліміздегі ұлттар достастығын ұғындыру мақсатында тәрбие сағаты өткізілді. «Автобуспен немеме троллейбуспен сапарға шығу» ЖЖЕ бойынша сынып сағаты өткізілді.

Отбасы күніне орай «Менің сүйікті отбасым»тақырыбында тәрбие сағатында отбасының қамқорлығы,балаға өз отбасының ең жақын,жанашыр жандар екендігін түсіндірілді.Оқу жылының қортындысы айтылды.оқушылардың жыл бойына жеткен жетістіктері айтылды.

Жыл қортындысы бойынша, оқушылар түрлі онлайн байқауларға қатысып,жүлделі орындармен марапатталды.

Түйін: Тәрбие жұмысында жоспарланған мақсаттар орындалды, күтілген нәтижеге жеттім.Осылайша жүргізілген тәрбие шаралары, ата-аналарымен жұмыс оқушылардың таным, білімінің шыңдалуына үлес қосты.

Сынып жетекшісі  М.Аманжолова